



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңес туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 4 мамыр N 2265. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.07.16. N 3067 Жарлығымен. ~U963067

Қаулы етемін:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңес туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1995 жылғы 4 мамырдағы

N 2265 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің

жанындағы Спорт жөніндегі кеңес туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңес министрліктер мен ведомстволардың, қоғамдық бірлестіктердің республикада бұқаралық деңгээдегі мен спортты дамыту мәселелеріне қатысты келісілген іс-қимылдары бойынша

ұсыныстар әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңестің құрамына мына мемлекеттік комитеттердің, министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық бірлестіктердің:

Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің;

Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қорының;

Қазақстан Республикасы Ұлттық студенттік спорт одағының;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Армияның орталық спорт клубының;

Қазақстан Республикасының ААФЕЖК Орталық Комитетінің;

Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының ерікті дене мәдениеті-спорт қоғамы орталық кеңесінің;

Қазақстан Республикасы "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамының;

"Динамо" дене мәдениеті-спорт қоғамының орталық кеңесінің;

респубикалық "Өркен" спорт клубының;

респубикалық "Энергетик" дене мәдениеті-спорт клубының;

респубикалық "Металлург" дене мәдениеті-спорт клубының;

респубикалық "Локомотив" дене мәдениеті-спорт клубының басшылары кіреді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңестің төрағасы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, ал оның орынбасары-Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрі болып табылады.

II. Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Спорт жөніндегі кеңестің
міндеттері мен функциялары

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары:

мұдделі ұйымдардың, министрліктер мен ведомстволардың бұқаралық дene мәдениеті мен сауықтыру жұмысын және спортты дамытуға, республикада жоғары жетістіктерге жетуге бағытталған негізгі көзқарастарын айқындау және күш-жігерін үйлестіру;

спорт түрлерін дамыту, ұлттық және халықтық спорт пен ойын түрлерін кең тарату, "Денсаулық" дene мәдениеті мен сауықтыру кешенін енгізу, олимпиада резервін және штаттағы ұлттық құрама командалар үшін біліктілікті жоғары спортшылар дайындау жөніндегі жұмысты үйлестіру;

спорт шараларын өткізу және республикалық халықаралық жарыстарға, республикада және сырт жерлерде спорт және дene мәдениеті мен сауықтыру шараларына қазақстандық дene шынықтырумен шұғылданушылар мен спортшылардың қатысуын қамтамасыз ету;

дene мәдениеті мен спорттың материалдық базасын нығайту, республиканың спорт индустриясын дамыту шараларын қолдану;

ведомстволық иелігіне қарамастан республикадағы спорт құрылғыларын пайдаланудың неғұрлым тиімді нысандарын белгілеу;

министрліктер мен ведомстволарды, қоғамдық ұйымдарды, меншіктің әр түрлі нысанындағы кәсіпорындарды және жекелеген азаматтарды қазақстандықтардың дene даярлығын жақсартуға, оларды дene мәдениетімен және спортпен үзбей шұғылдануға баулуга бағытталған белсенді жұмыстарға қатыстыру;

үйлесіммен жетілу, денсаулықты сақтау және толыққанды еңбек қызметін сақтау үшін спортпен тұрақты түрде шұғылданудың маңыздылығы туралы халық арасында әсіресе жастар арасында насиҳат-түсінік жұмысы;

дene мәдениеті мен спортты дамытудың мемлекеттік

бағдарламасының жергілікті және ведомстволық бағдарламалармен өзара байланысы мен өзара ұштастырылуын нығайту;

іскерлік, өнеркәсіптік, мемлекеттік, еңбек ұжымдарына халықтың дene мәдениеті мен денсаулығын жақсартуға, осы мақсаттарға арналған материалдық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруға жәрдемдесу жөнінде ұсыныстар

мен кеңестер әзірлеу болып табылады.

**III. Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Спорт жөніндегі кеңестің
жұмысын ұйымдастыру және оның құрылымы**

5. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңес өз мәжілістерін қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіп тұрады.

6. Кеңестің мәжілістері оның жұмысына кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болып саналады.

7. Кеңес мәжілістерінің шешімдері жай дауыс санымен қабылданады.

8. Кеңес мәжілісінің қорытындысы ұсыныс сипатындағы шешім түрінде ресімделеді.

9. Кеңес төрағасы:

Кеңестің тізімдік құрамын бекітеді;

Кеңес қызметін басқарады;

Кеңес жұмысындағы алқалылықты қамтамасыз етеді;

төрағаның екі орынбасарының, жауапты хатшының арасында міндеттерді бөліп, олардың қызметін үйлестіреді.

Кеңес атынан Қазақстан Республикасында дene мәдениеті мен спортты дамытуға үлкен үлес қосқан ұйымдар мен жеке тұлғалардың жұмысын атап көрсетеді.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңестің жұмысшы органды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының Ішкі саясат бөлімі болып табылады.